- Аспап тек қана пайдаланушының осы нұсқаулығына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылуы керек.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспап немесе желілік баусымда зақымданулар бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, оны пайдаланбау керек. Аспапты пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.
- Егер сіз аспаптың жұмысқа жарамдылығына сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Осы аспап денелік, жүйкелік немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың құралмен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.

- Аспапты және адаптерді қараусыз қалдырмаңыз. Оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспапты ваннаға, шұңғылшаға немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстарға жақын жерде, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары үй-жайларда пайдаланбаңыз.
- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Қуат адаптерін желіге дымқыл қолмен қоспаңыз (оған қол тигізбеңіз).
- Аккумуляторды (АКБ) зарядтау үшін осы модельдің шаңсорғыш жиынтығына кіретін зарядтау құрылғысын (адаптерді) ғана пайдаланыңыз. Бұл адаптерді басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз.
- Адаптер мен қуат баусымы зақымданса, еш жағдайда адаптерді розеткаға қоспаңыз. Адаптерді ауыстыру (жөндеу) қажет болса, авторизацияланған сервжүгініңіз.

Назар аударыңыз! Адаптерді бөлшектемеңіз!

- Аккумулятордың зарядталуын ол толық разрядталғанға дейін жүргізбеңіз.



- Аккумуляторды зарядтау үшін ең алдымен адаптердің айырын шаңсорғыштың тиісті ұяшығына, содан кейін адаптердің айырын розеткаға енгізіңіз. Аккумулятор зарядталғаннан кейін адаптерді желіге қосылған күйде қалдырмаңыз.
- Адаптерді тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында адаптер желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Адаптерді желіге қосар алдында оның істікшесі аспаптың тиісті ұяшығына қондырылғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аккумулятор зарядталуы аяқталғаннан кейін адаптерді желіден және құралдағы зарядтау ұяшығынан ажыратыңыз.
- Адаптерді, қуат баусымынан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, адаптерді, оның қуат баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Адаптерді желіден ажыратқанда, ток өткізгіш істіктерге қол тигізбей, адаптердің корпусынан ұстаңыз.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін аспапты өздігіңізден бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау кезінде құбырды басуға немесе құбыр мен щетканы бүйірден екінші жаққа жылжытуға тыйым салынады.

Бұл тазалау сапасын жақсартпайды және құбырдың, щетканың және мотор блогының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тазалау кезінде шаңсорғышты қысымсыз, алға және артқа қозғалыстармен жылжытыңыз.

ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Аспаптың жұмысы кезінде оны қыздыру және басқа да электр аспаптарынан алыс орналастырыңыз.
- Шаңсорғыш жұмыс істегенде тазаланатын бөлменің еденіне жұмыс істеп тұрған жылыту құралдарын, олардың қуат алу сымдарын және басқа да жылу көздерін орналастырмаңыз.
- Осы Нұсқаулыққа сәйкес тиісті түрде қызмет көрсетілген шаң жинағыш контейнерсіз және сүзгісіз шаңсорғышты пайдалануға тыйым салынады.
- Шаңсорғышты тік күйінде жұмыстағы үзілістерде сүйеп қоймаңыз, бұл оның құлауына және корпустың пластик бөлшектерінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Құралды жұмыстағы қысқа үзілістер кезінде де үнемі қабырғалық бекіткішке орнатыңыз.
- Шаңсорғышты тазалау үшін қажақ заттарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.



- Шаңсорғышпен келесі заттар мен материалдарды жинамаңыз:
  - ыстық заттар: күл, шоқтар, тұқылдар және басқ.;
  - өткір заттар: сынған шыны, инелер, кеңселік жапсырма шегелер, қыстырғыштар және басқ.;
  - принтерлерде немесе көшіру машиналарында қолданылатын бояғыш, өйткені ол электр өткізгіш қоспа болып табылады және сүзгіден толығымен жойылмайды;
  - улы, жарылыс қауіпті және күйдіргіш заттарды;
  - асбест немесе асбест шаңы, сондай-ақ құрылыс қоқысы мен қалдықтары.
  - құрылыс гипсо-цемент-әк тозаңы.
  - ылғалды шаңды және ласты;
  - ірі жапырақты фрагменттер
  - су және басқа да сұйықтықтар.
- Адамдар мен үй жануарларын шаңсорғышпен өндемеңіз
- Тек қана өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Жұмыс кезінде шаңсорғыштың ауа шығару тесігін жабуға жол берілмейді.
- Аспап тек түпнұсқа АКБ және жиынтықта жеткізілетін зарядтау құрылғысымен жұмыс істеуге арналған. қуат көзі мен зарядтау үшін бөгде құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады Бұл құралдың зақымдануын тудыруы мүмкін.
- Әрбір қолданғаннан кейін аспапты және шаң жинағыш контейнер мен сүзгіні тазалап отырыңыз.
- Егер аспап ұзақ пайдаланылмаса, АКБ зарядтауды әрбір 3 ай сайын алдын ала толық разрядтап жүргізу ұсынылады, ол үшін аспапты барынша мүмкін болатын уақытқа іске қосу қажет.

ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Аспап сондай-ақ үй-жайдан тыс және ауа температурасы +15°C төмен және ылғалдылығы жоғары жылытылмайтын үй-жайларда пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

Ескертпе. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін.

Бұйымның құрастырылым және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ЖИЫНТЫҚТАМА



1.	Шаңсорғыш (негізгі корпус) шаң жинағыш пен батареямен (АКБ) жинақтамада	1 дана.
2.	Еденге арналған электр щеткасы	1 дана.
3.	қабырға бекітпесі	1 дана.
4.	Зарядтау құрылғысы (адаптер)	1 дана.
5.	Саңылаулық саптама	1 дана.
6.	Жиһазға арналған щетка	1 дана.
7.	Роликті тазалау щеткасы	1 дана
8.	Электр щеткаға арналған паркеттік білікше	1 дана.
9.	құбыр	1 дана.
10.	Пайдалану бойынша нұсқаулық	1 дана.
11.	Кепілдік талоны	1 дана.

АСПАП СИПАТТАМАСЫ

Аспап кафель, паркет, линолеум сияқты беттерді құрғақтай тазалауғу, сондай-ақ қысқа түкті кілемдерді және жиһаз тысын құрғақ шаң мен ұсақ құрғақ қоқыстарды сору жолымен тазалауға арналған.




9. Шаңсорғышты сақтауға арналған қабырғалық бекіткіш


11. Саңылаулық қондырма


12. Зарядтау құрылғысы


13. Роликті тазалау щеткасы

Дененің мүмкін түстері: көк, ақ*

** Суретте дененің ақ түсі көрсетілген*

АСПАПТЫ АШУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Қорапты ашып, құралды абайлап шығарып алыңыз, оны бүкіл орауыш материалдардан босатыңыз.
- Аспап корпусынан барлық жарнамалық жапсырмаларды шешіп алыңыз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз («Жиынтықтылау» бөлімін қараңыз).
- Барлық аксессуарлар мен адаптерді алып шығарыңыз.
- Аспаптың барлық жиынтықтауыштары зақымданбағанына көз жеткізіңіз.

Шаңсорғышты жинау:

Назар аударыңыз! Шаңсорғыш тораптары пластиктен жасалған және бір-біріне жете қиюластырылған. Бекіткіштер мен отырғызу орындарының зақымдануын болдырмау үшін құрастыру кезінде күш салмаңыз. Бөлшектер қисаюсыз отырғызу орындарына орналасуын және бекіткіштермен сенімді бекітілуін қадағалаңыз.

1. **Еденді тазалау үшін:**
   - Құбырдың тесігіне еденге арналған электрлік ысқыштың қысқа құбырын контактілік қадау ұяшыққа салынатында етіп салыңыз да, шертпекке дейін қысыңыз
   - Құбырды соратын келте құбырмен жалғасытырңыз
2. **Аксессуарлар жинағын пайдалану**
   - Аксессуарларды тікелей шаңсорғыштың сорғыш келте құбырына немесе сорғыш келте құбырына орнатылған түтікке тікелей орнатыңыз.



Келтеқұбырды құбырдың тесігіне шырты естілгенше енгізіңіз

Құбырды соратын келте құбырмен жалғасытырңыз

Аксессуарлары пайдалану

Аксессуарлары сорғыш келтеқұбырға орнатыңыз

ПАЙДАЛАНУ

Еденде мен кілем жабындарын тазалау

Назар аударыңыз: шаңсорғыш жұмыс істеп тұрғанда соратын тесікті қолмен немесе бірдеңемен жабуға тыйым салынады, бұл мотордың артық қызуына және істен шығуына апарауы мүмкін.

- Батарея зарядталғанына, адаптер желіден сөндірілгеніне және құралдан ажыратылғанына, сүзгі мен шаң жинағыш тиісті түрде шаңнан тазартылғанына көз жеткізіңіз («ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ» бөлімін қар.).

Назар аударыңыз! Фильтрі мен шаң жинағышы шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаң сорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.

- Қажет болғанда, алдыңғы бөлімнің 1-2 тармақтарын орындаңыз.
- Аспапты іске қосу/сөндіру үшін Қос./Сөнд. батырмасын (1) басыңыз, жұмыс режимін таңдау тиісті батырмаман (2) жүзеге асырылады. Жұмыс кезіндегі батареяның зарядының деңгейі зарыд индикаторының жарөырағаң сегменттердің саны бойынша анықталады.
- Электр щетка айналмалы қылшықты білікше көмегімен еденнен және кілемді жабындардан тұрмыстық шаңды жинауға арналған. Оның конструкциясы ұзын шашпен, жүнмен, жіптермен және т. б. ластануға аса сезімтал. Қоқыс пайда болған жағдайда, шаңсорғышты пайдалануды дереу тоқтатыңыз және қыл білікшесін тазалау шараларын қолданыңыз («ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТУ» бөлімін қараңыз).



Аспап батареясы зарядталғанына көз жеткізіңіз

Адаптерді желіден сөндіріңіз және аспаптан ажыратыңыз

Аспапты іске қосу үшін Қос./Сөнд. батырмасын басыңыз.

Тазалаудың 3 режимі қолжетімді: қалыпты, орташа және турбо.

- Тазалаған кезде саптамалары бар құбырға баспаңыз және бір жақтан екінші жаққа қарай күрт қимылдар қолданбаңыз, бұл соратын келте құбырлардың және саптамаларды бекіту тораптарының бұзылуына апарауы мүмкін.
- Шаңсорғышта тазалаудың үш режимі бар: қалыпты, орташа және сорудың жоғарлатылған қуаты бар турбо-режим. Орташа немесе турбо-режимді әске қосу/сөндіру үшіншаңсорғыш жұмыс істеп тұрғанда «Жұмыс режимдерін таңдау батырмасы» батырмасына тиісінше 1 немесе 2 рет басыңыз
- Аспапты сөндіру үшін ҚОС./СӨНД. батырмасына басыңыз.

Ылғалды тазалау

- Қатты жабындарға еденге арналған электр щетканы пайдалана отырып тазалау жүргізгенде сонымен қатар ылғалды тазалау жүргізуге болады. Бұл үшін қосымша қондырма (10-А, В суре. қар.) пайдаланылады, ол суға арналған контейнерден және контейнердің түбіне бекітілетін арнайы шүберектен тұрады. Кілемді жабындарда осы қондырманы пайдалану ұсынылмайды. Қондырма электр щетканың артқы жағына бекітіледі. Щеткада арнайы ойықтар, қондырмада - шығыққылар бар. Қондырманы орнатқан кезде щетканы құбырдан шешіп алыңыз, қондырманың шығыққыларын щетканың ойықтарымен қиыстырыңыз және қондырманы щеткаға төменнен жоғары қарай анық бекітілгенше қысыңыз. Содан кейін қондырмасы бар щетканы құбырға орнатыңыз.
- Қондырманы орнатар алдында жиынтықтағы шүберекті суға арналған контейнердің түбіне бекітіңіз 10-А сур., жуғыш құралдарды пайдаланбай, бөлме температурасындағы, қоспасы жоқ таза суды бачок қылтасына құйыңыз 10-В сур., алдын ала саңылаусыз қақпақты ашу керек. Қақпақты тығыздап жабыңыз, су құйылған қондырманы төңкермеңіз.
- Ылғал тазалаумен бірге шаңды жинаған кезде ең алдымен шаңды сүрту үшін щетканы алдыға қарай жылжытып, ал содан кейін тазартылған жерді ылғал шүберекпен сүртіп алу керек. Шүберекке су беру үшін қондырманы мезгіл-мезгілмен еденге қысып отырыңыз.
- Тазалауды аяқтағаннан кейін ылғалды тазалауға арналған қондырманы щеткадан ажыратыңыз. Бачокта су қалдырмаңыз.



1. Микроталшықты дымқыл тазалауға арналған саптам
2. Қақпақты ашыңыз, таза сумен толтырыңыз
3. Саптаманың шығыққы жерлерін щетканың ойықтарымен туралаңыз
4. Саптаманы щеткаға төменнен жоғары қарай бекітіңіз

Ылғалды тазалауға арналған қондырмаға күтім әр тазалаудан кейін жүргізіледі.

1. Аспапты сөндіріңіз.
2. Қондырманы электр щеткадан ажыратыңыз.
3. Суға арналған бактың клапанын ашыңыз және судың қалдығын ағызыңыз.
4. Шүберекті шешіп алыңыз және, жуғыш құралды пайдалана отырып, оны жылы су ағынының астында жуып-шайыңыз, оны кептіріңіз.
5. Қондырма корпусын сәл ылғал сығылған маталы сулықпен сүртіп алыңыз, қыздырусыз кептіріңіз.

Жиназды тазалау

- Батареяның қуатталғанына, адаптердің желіден өшкеніне және құралдан ажыратылғанына, фильтр мен шаң жинағыштың сәйкес түрде шаңнан тазартылғанына көз жеткізіңіз ("ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ" бөлімін қараңыз) Фильтрі мен шаң жинағышы шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаң сорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Сорғыш келте құбырға қосымша аксессуарды кигізіңіз.
- Жиназға арналған щетка жиназ қаптауын тазалауға, ал саңылаулық қондырма – жетуі қиын жерлерді тазалауға жарамды.
- Аспапты іске қосу/сөндіру үшін ҚОС./СӨНД. батырмасына басыңыз.
- Шаңсорғышта тазалаудың үш режимі бар: қалыпты, орташа және сорудың жоғарлатылған қуаты бар турбо-режим. Турбо-режимді іске қосу/сөндіру үшін шаңсорғыш істеп тұрған кезде режимдерді таңдау батырмасына басыңыз
- Аспапты сөндіру үшін ҚОС./СӨНД. ауыстырып-қосқышына басыңыз.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде мотор өздігінен тоқтап алғанда аккумуляторлық батареяға (АКБ) зарядтау жүргізіңіз.



5. Сорғыш келтеқұбырға аксессуарды кигізіңіз
6. Мини-щеткаы пайдалану
7. Щеткаы жиназды тазалау үшін пайдалану
8. Шаңсорғышты сақтауға арналған қабырғалық бекітпе

Өндіруші дымқыл тазалау үшін қоспасыз таза суды ғана пайдалануды ұсынады. Дегенмен, ол көбіктенбейтін және шаймайтын жуғыш заттардың әлсіз сулы ерітінділерін пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, сумен сұйылтылған робот шаңсорғыш жуғыш заттар.

Кейбір қатты бет тазартқыштар таза сумен шаюды қажет етеді. Бұл тазартқыштарды ҚОЛДАНБАҢЫЗ!

Жуғыш затпен тазалағаннан кейін суға арналған ыдысты таза сумен жақсылап шайыңыз, саңылауларын үрлеп, микроталшықты матаны шайыңыз.



Контейнердің ішіндегі кептіргіш жуғыш зат саңылаулар мен ауа клапанын бітеп тастауы мүмкін, бұл ASC-де ақылы жөндеуді немесе контейнерді ауыстыруды қажет етуі мүмкін.

Кепілдік мұндай жағдайларды қамтымайды.Өндіруші концентрлі жуғыш ерітінділерді немесе көбік түзетін өнімдерді пайдалануға тыйым салады.

АКБ ЗАРЯДТАУ

Назар аударыңыз!
Жинақтағы батарея разрядталған болуы мүмкін. Алғашқы пайдаланар алдында аспапты ҚОС/СӨНД батырмасымен іске қосып, толығымен разрядтаңыз және содан кейін толық зарядтаңыз.

Сақ болыңыз! 5°С-ден төмен және 40°С-ден жоғары температурада батареяның зарядталуын жүргізбеңіз және батареяны сақтамаңыз.

Аспаптың адаптерін желіге қосар алдында оның техникалық сипаттамалары желі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» бөлімін қар.).

Бірінші пайдаланар алдында аккумулятор зарядталуы 5-6 сағат құрауы мүмкін.
Кейінгіде толық зарядтау үшін 2,5 ~ 3 сағат жеткілікті болады.

Батареяны тек қана аспап оның жақындағы разрядталуы туралы сигнал бергенде (заряд индикаторында тек қана бір сегменттің жанып тұруы) немесе ол толық разрядталғанда зарядтау ұсынылады. Батарея толық зарядталғанша оның зарядталу процесін тоқтатпау қажет. Бұл батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Батареяның зарядталуы тек қана аспап жиынтығына кіретін адаптердің көмегімен жүргізіледі. Зарядтаған кезде батарея аспапқа орнатылған, сондай-ақ аспаптан алынған болуы мүмкін. Батареяны шешіп алу үшін бүйір жақта орналасқан екі батырманы басыңыз және батареяны корпустан өзіңізге қарай тартыңыз. Орнатылу кері тәртіппен жүргізіледі.

- Адаптер істікшесін батареядағы ұяшыққа енгізіңіз.
- Адаптерді желіге қосыңыз. Разрядталған батареяда заряд индикаторында 1-ден 5 дейін сегмент реттілікпен жарқырайтын болады, олар заряд деңгейі туралы белгі береді. Батарея тлық зарядталғанда индикатордағы барлық сегменттер үнемі жанады, 5 минуттан кейін индикаторлар сөнеді, бұл шаңсорғыш ұйықтау режиміне көшті дегенді білдіреді.

Назар аударыңыз! Адаптер зарядталу кезінде жылып кетуі мүмкін - бұл қалыпты.
Зарядтаудың қосылған адаптерімен құрал қосылмайды.



АКБ АУЫСТЫРУ

Батареяның сыйымдылығы мен құралдың үздіксіз жұмыс уақыты уақыт өте келе төмендейді - бұл қалыпты
Диагностикалау немесе батареяны ауыстыру қажет болған жағдайда POLARIS авторизацияланған сервистік орталықтарына жүгініңіз (сервистік орталықтардың мекен-жайларының тізімі жеткізу жиынтығына кіреді, сондай-ақ www.polaris.ru сайтында қолжетімді)

Назар аударыңыз: іске қосылып тұрған аспапта батареяны шешіп алуға/орнатуға тыйым салынады!

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

1. Аспапты сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және құралдан адаптерді ажыратыңыз, егер ол қосылған болса.
2. Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
3. Құралды тазалау үшін қажақ материалдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
4. Мотор торын таза құрғақ маталы сулықпен сүртіңіз.
5. Аспаптың пластикалық бөліктерін дымқыл сығылған мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз. Су тамшылары болмауы тиіс.
6. Аспаты құрғақ салқын жерде сақтаңыз.



Аспапты сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және аспаптан адаптерді ажыратыңыз, егер ол қосылған болса



Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз



Аспапты тазалау үшін қажақ материалдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз



Мотор торын таза құрғақ маталы сулықпен сүртіңіз



Су тамшылары жоқ ылғал матаны пайдаланыңыз

ШАҢ ЖИНАЙТЫН КОНТЕЙНЕРДІ ТАЗАРТУ

Шаң жинағыш контейнерді және сүзгіні тазалауды шаңсорғышты әрбір пайдаланғаннан кейін жүргізу қажет.

Фильтрлері шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл мотордың істен шығуына әкелуі мүмкін.

- Аспапты сөндіріңіз. Адаптер желіден ажыратылған және аспаптан ажыратылған болуы тиіс.
- Шаңсорғыштың электр щеткасы бекіткішінің түймешігін басыңыз. Щетканы құбырдан ажыратыңыз. Құбыр бекіткіші батырмасын басыңыз. Құбырды соратын келте құбырдан ажыратыңыз.
- Шаңсорғышты тұтқасынан қоқыс бактың үстінде ұстап тұрып, батырмаға басыңыз (1-сур.). Шаң жинағыш контейнердің қақпағы ашылады, шаң мен қоқысты бакқа төгініңз. Аспапты сәл сілкіп жіберіңіз. Қақпақты жабыңыз.
- Шаң жинағыш контейнерді шешіп алу үшін: шаңсорғышты тұтқасынан бір қолмен тігінен ұстап, екінші қолмен шаң жинағыштың қақпағын сағат тілі бағытымен азғантай бұрышқа бқрыңыз және, (2-сур.) көрсетілгендей, оны төмен қарай тартыңыз. Содан кейін жиналған циклондық сүзгіні төмен қарай тартып, алып шығыңыз. Жоғарғы бөліктен моторалдынғы сүзгіні алып шығыңыз.
- Циклондық сүзгінің жоғарғы бөлігін төменгіге қатысты жоғары қарай тартып, ооны екі бөлікке бөлшектеңіз, деформацияламай абайлап торлы сүзгіні шешіп алыңыз және әр бөлігін жуғыш құралдарды пайдаланбай бөлме температурасындағы судың әлсіз ағынының астында жуып-шайыңыз.



Шаңсорғышты тұтқасынан қоқыс бактың үстінде ұстап тұрып, батырмаға басыңыз



Шаң жинағыш контейнерді шешіп алу үшін: қақпақты бұраңыз, төмен қарай тартыңыз



Жиналған циклондық сүзгіні төмен қарай тартып, алып шығыңыз



Циклондық сүзгінің жоғарғы бөлігін жоғар қарай тартып, оны екі бөлікке бөлшектеңіз

- Қалыпты түрде мұқият кептіріңіз, сүзгілер жүйесін кері тәртіппен жинаңыз, моторалдынғы сүзгіні, сыртыл естілгенше, орнына салыңыз және контейнерді орнына қойыңыз.

Ескертпе: моторалдынғы сүзгіні әр тазалаудан кейі тазалау керек, циклондық сүзгіні жуып-шаю үшін – әр 10 – 12 тазартудан кейін.

- Шаңсорғыш тұтқасының төменгі бөлігіндегі бекіткіш батырмаға басыңыз және шықпа HEPA сүзгісі бар төменгі қақпаны шешіп алыңыз. HEPA сүзгіні тегіс бетке болымсыз тықылдату арқылы шаңнан тазалаңыз. Қатты ластанғанда бөлме температурасындағы судың әлсіз ағынының астында қысқа мерзім шаюға болады. Жуғыш құралдарды қолдануға жол берілмейді.
- Шайғаннан кейін сүзгіні 24 сағат бойы табиғи түрде кептіру керек, дымқыл сүзгіні шаңсорғышқа орнатуға және пайдалануға болмайды. Сүзгіде зақымданулар мен дефомациялар болмауын қадағалаңыз. Зақымданулар мен дефомациялар бар болғанда сүзгіні жаңасына ауыстырыңыз. Шаңсорғышты сүзгісіз пайдалануға тыйым салынады.

Назар аударыңыз! Ылғалды сүгісі бар, сонымен қатар сүзгісі зақымданған немесе сүзгісі жоқ шаңсорғышты пайдалануға тыйым салынады.



ЭЛЕКТР ЩЕТКАНЫ ТАЗАЛАУ

Әрбір тазалаудан кейін жүргізіледі. Қылтанды білікшенің қатты ластануна жол бермеңіз.

1. Аспапты сөндіріңіз. Адаптер желіден ажыратылған және аспаптан ажыратылған болуы тиіс.
2. Бекіткіш батырмасына басып, электр щетканы құбырдан ажыратыңыз.
3. Қылтанды білікшеге оралған шаш пен жіптердің мөлшері аз болса, оларды щетканың корпусынан, қылтанды білікшені шешпей, пышақпен кесуге болады. Бұл үшін өткір пышақты қылшық қатарлары арасына кесетін жиегін білікшеден сыртқа қарай орналастырыңыз және, білікше бойымен қозғалып, оралған шаш пен жіптерді кесіңіз. Осыдан кейін шаш кесінділері щетка корпусынан сыртқа оңай шығарылады, ыңғайлылық үшін қылшықты білікше айналасында қолмен бұруға жол беріледі.
4. Қылтанды білікше қатты ластанғанда тиісті қалыңдықтағы монетаны немесе жалпақ бұрағышты пайдаланып, щетка корпусының бүйірлік қаптасындағы меңзер бойынша ашық құлып символы жағына бұрыңыз және, білікшені жоғары қарай тартып, қылтанды білікшесін щетка корпусынан мойынтірек торабымен алып шығыңыз, мойынтіректі білікшеден ажыратпаңыз. Егер мойынтірек торабы бөлшектеген кезде өздігінен ажыратылып кететін болса, торап элементтері жоғалуына жол бермеңіз (торапқа өсі бар қақпақ, серіппе мен тығырық кіреді). Щтека бекіткішін корпустан шешіп алуға тырыспаңыз, ол шешілмейді.
5. Қыл білікше щетканың корпусынан алынған кезде, оны өткір пышақпен немесе қайшымен оралған шаштан және жіптерден оңай тазартуға болады.
6. Қалтанды білікшені щетка корпусындағы орнына орнатуды кері реттілікпен жүргізіңіз, алдын ала өсі бар қақпақты серіппе және тығырықпен жинақта, 8-сур. көрсетілгендей, орнатыңыз. Сырма бекіткішін жабық құлып символы жағына бұрып, қыл білікшесін бекітіңіз.
7. Щетка мен электр жетегінің бөлшектері қатты ластанған жағдайда бөлшектеу және тазалау үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. (Шаңсорғыш бөлшектерін тазалаумен байланысты жұмыстар кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді).



Аспапты сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және аспаптан адаптерді ажыратыңыз, егер ол қосылған болса



Бекіткіш батырмасына басып, электр щетканы құбырдан ажыратыңыз



Білікшені шешіп алу үшін бұрауышты немесе монетаны пайдаланыңыз



Щетка корпусындағы бүйірлік қапталдағы бекіткішті ашық құлып символы жағына бұрыңыз



Білікшені шешіп алыңыз және оны пышақтың немесе қайшының көмегімен тазалаңыз



Назар аударыңыз! Торап элементтерінің, яғни, өсі бар қақпақтың, серіппенің, тығырықтың жоғалуына жол бермеңіз

ЭЛЕКТР ҚҰТҚАҒЫНДА РОЛЛЕРЛЕРДІ АУЫСТЫРУ

- Қылшықты роликті кәдімгі роликпен (немесе керісінше) ауыстыру үшін алдыңғы бөлімдегі (1-ден 4-ке дейін) ұсыныстарды, сондай-ақ сол жақтағы суреттерді орындаңыз.
- Қажет болса, қолданыстағы роликті тазалаңыз (алдыңғы бөлімнің 5-тармағындағы ұсыныстарды орындаңыз).
- Қылшықты роликті кәдімгі роликпен ауыстыру (немесе керісінше) және оны қайтадан корпусқа орнату үшін, алдымен серіппе мен шайба бар ось жинағы бар қақпақты орнатып, оны алудың кері ретін орындаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Серіппелермен және шайбалармен толықтырылған осі бар қақпақ әмбебап болып табылады және жинақтағы екі алынбалы роликтерге де (құрғақ тазалауға арналған) сәйкес келеді.

- Бекіткіш құлыпты жабық құлып белгісіне қарай бұрап, роликті бекітуді бекітіңіз.



Ағымдағы роликті алыңыз



Қақпақты осьпен алып тастаңыз



Қақпақты бір роликтен екіншісіне жылжытыңыз



Роликті корпусқа қайта салыңыз, ысырма құлпын жабық құлып белгісіне қарай бұрап, роликті бекітіңіз.

САҚТАУ

1. Аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Аспапқа тазалау жүргізіңіз.
3. Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
4. Шаңсорғышты жиынтыққа кіретін бекіткіштің көмегімен қабырғаға бекітіңіз. Щетка еденнен 5 см биіктікте болуы тиіс.
5. Қол шаңсорғышын тігінен сақтауға арналған бекіткішін шаңсорғыштың төменгі жағындағы тұтқасындағы арнайы ойықпен іліп алыңыз. Сур. А
6. Ұзақ уақыт бойы пайдаланбай сақтағанда, аккумулятор батареясының жағдайын тұрақты тексеріп, қажет болған жағдайда оның зарядталуын жүргізіңіз. Егер аспап ұзақ пайдаланылмаса, АКБ зарядтауды әрбір 3 ай сайын алдын ала толық разрядтап жүргізу ұсынылады, ол үшін аспапты барынша мүмкін болатын уақытқа іске қосу қажет.
7. Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°С төмен емес және плюс 40°С жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.



Сур. А

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағада зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы керек.

Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пункткке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCS 7000 Energy WAY AQUA – POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электр шаңсорғышы
Шаң жинағыш контейнердің көлемі: 0,5 л
Қуат көзі: аккумуляторлық батарея Li-Ion 2500 мАч 25,9 В
АКБ зарядталу уақыты: бірінші пайдаланғанда 5-6 сағ, содан кейін 2,5-3 сағ
Электр щеткасы бар АКБ-мен минималды режимде жұмыс істеу уақыты: 60 мин дейін
Электр щеткасы бар АКБ-мен орташа режимде жұмыс істеу уақыты: 30 мин дейін
Электр щеткасы бар АКБ-мен Турбо режимде жұмыс істеу уақыты: 11 мин дейін

Зарядтау құрылғысы: PAD 6000
Зарядтау құрылғысы сипаттамалары:
Кіріс кернеуі: 100-240 В
Кіріс тогы 0,5 А
Жиілігі: 50-60 Гц
Шығыс кернеуі: 30 В
Шығыс ток: 0,8 А
Қорғау санаты - II
Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

Жұмыс істеу режимі	Толық зарядталған АКБ-дан жұмыс істеу уақыты (минуттар)*
1 (үнемді)	55-60
2 (қалыпты)	30-35
3 (Турбо)	9-11

АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Бұл кестеде аспапты пайдалану кезінде туындауы мүмкін болатын ең көп таралған мәселелер атап шығылған. Ақаулықтың себебіне байланысты сіз 1-ден 4 дейін дыбыстық сигнал естітін боласыз. Егер туындаған мәселелерді өз бетінше шешу мүмкін болмаса, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.

Ақаулықтың көрінуі	Пайда болу себептері	Жою әдістері
Аспап іске қосылмайды	АКБ разрядталған	АКБ зарядталуын жүргізіңіз.
Аспап зарядталмайды	Адаптер желіге қосылмаған Адаптер құралдың жиынтығынан емес Батареяда ақау бар	Адаптерді желіге қосыңыз Адаптердің осы құралға тиесілі екенін тексеріңіз Ауыстырымды сатып алу үшін Со-ға жүгініңіз
Сору қуаты жеткіліксіз немесе жұмыс кезінде төмендейді	1. Шаң жинағыш контейнерде, сүзгіште немесе саптамада бітеліп қалу пайда болды	1. Шаң жинағыш контейнерді тазалаңыз. Сүзгіні тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Қондырмадағы бітеліп қалуды тексеріңіз және жойыңыз
Жұмыс кезіндегі электр разрядтары және саптама корпусына шаңның жабысып қалуы	Үй-жайдағы ауаның төмен ылғалдылығына байланысты статикалық электр	Үй-жайдағы ауаны ылғалдандыру шараларын қолданыңыз. Статикалық зарядтарды арылту үшін металл заттарға саптаманы үнемі жақындатып ұстаңыз
Жұмыс кезінде аспаптың күтпеген жерде сөніп қалуы	1. Мотордың қызып кетуінен қорғаныс құрылғы іске қосылды 2. Батареяның толық рязрядталуы	Қызудың ықтимал себептерін жойыңыз (шаң жинағыштың, сүзгінің және қондырмалардың ластануы). Қайталап қосар алдында аспапқа салқындауы үшін 30 минуттан кем емес уақыт беріңіз Аккумуляторлық батареяның зарядталуын жүргізіңіз.
Аспаптың жұмысы кезінде электр щеткасының күтпеген тоқтап қалуы	Электр щеткасы шаш, жіп, жүн және т. б. қоқыспен көмкерілген.	Электр щеткасының қыл білікшесін тазалаңыз. Тазартылған білікше айналмай қалған кезде СО-ға жүгініңіз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТС 004/2011 «Төмен вольты жабдықтың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануға шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және өнімнің Кеден Одағы мүше мемлекеттері нарығында айналудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

Өнімнің қызмет ету мерзімі: 3 жыл

Шаңсорғышқа берілетін кепілдік мерзімі: сатып алынған күннен бастап 24 ай

Инверторлы қозғалтқышқа берілетін кепілдік мерзімі: 10 жыл

Өндірілген күні: құрылғының техникалық ақпарат жазылған тақтайшасында көрсетілген

Өнім құрамында табиғи тозуға ұшырайтын, қызмет ету мерзімі шектеулі және пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пайдаланушының өз есебінен ауыстырылуы қажет бөлшектер бар. Мұндай бөлшектерге кепілдік қолданылмайды.

Бұл өнімдегі ондай бөлшектерге мыналар жатады:

- Қайта зарядталатын аккумулятор
- Электрлі щеткалар (моторлы щеткалар)
- Қуат адаптері (сыртқы зарядтау құрылғысы)

Бұл бөлшектердің болжамды қызмет ету мерзімі — сатып алынған күннен бастап 12 ай. Егер пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды сақтай отырып, аталған бөлшектердің қызмет ету мерзімі осы болжамды мерзімнен ертерек аяқталса, олар уәкілетті сервистік орталықта тегін ауыстырылады.

Өндіруші сүзгілер, шаң жинағыштар, тығыздағыштар, жетек белдіктері, роликтер, дөңгелектер немесе айналмалы щетканың басқа құрамдас бөліктері үшін нақты қызмет ету мерзімін белгілемеген; оларға кепілдік қолданылмайды. Бұл бөлшектердің қызмет ету ұзақтығы өнімнің қаншалықты қарқынды пайдаланылғанына және техникалық қызмет көрсету нұсқауларының сақталуына байланысты болады, ал оларды ауыстыру ақылы негізде жүзеге асырылады.

Өндіруші:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Тұрмыстық электрлік шаңсорғыш

Үлгі: : : PVCS 7000 Energy WAY AQUA

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
   - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
   - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
   - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
   - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
   - Өндеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуы;
   - Авторизацияланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
   - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru.

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.
Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.